

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Төлеген Ж.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: zhazira.tolegen@mail.ru

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің қоғам арасында әлеуметтік тұрақтылық және теңдік орнату үшін қажетті іс-шаралардың жиынтығы ретінде адам үшін де, мемлекет үшін де маңызы зор. Нарықтық экономика жағдайында қоғамдық дамудың экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерінің үйлесімділігі мен үндестігін табу мәселесі өте өзекті. Сондықтан халықты әлеуметтік қорғау жүйесін қаржымен қамтамасыз етуді оңтайландыру және әлеуметтік аударымдарды экономикалық ахуалмен үйлестіру мәселесі туындайды. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін тиімді ұйымдастыру, басқару және қаржыландыру мемлекет дамуының алғышарты, әлеуметтік саясатының негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік саланы дамытудың негізгі құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген [1]. Конституцияның 1 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Ата Заңның 24 бабының 2 тармағына сәйкес, әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар делінген. Конституцияның 28 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік берілетіні бекітілген.

Нарық жағдайында әрбір мемлекет халықты әлеуметтік қорғаудың өз үлгісін құру барысында экономикалық үдерістерді, әлемдік тәжірибе мен ұлттық дамудың ерекшелігін ескеруі керек. Соның нәтижесінде әлеуметтік тәуекелдерді басқару және әлеуметтік қорғауды қаржымен қамтамасыз ету механизмдері анықталады.

Әлеуметтік саясат – адамдармен қоғамның жан-жақты дамуы үшін жағдайлар жасау және алуан түрлі әлеуметтік топтардың белгілі-бір құқықтық қалпын сақтау мен қолдауға адамдардың әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттің іс жүзіне асыратын кешенді шаралары болып табылады.

Мемлекеттің ішкі саясатының бір бөлігі ретінде жүзеге асырылатын әлеуметтік саясат құқықтық нормалар арқылы қоғамда қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды реттейді, әлеуметтік саясаттың басым бағыттарын айқындайды, оны жүзеге асырудың қаржылық қамтамасыз етеді, қоғамның және өңірлердің әлеуметтік дамуының мақсаттары мен міндеттерін қалыптастырады, әлеуметтік саясатты өмірге енгізетін мемлекет пен қоғамдық ұйымдар қызметінің құрылымы мен түрлерін бекітеді.

Әлеуметтік сала әлеуметтік қатынастардың жиынтығы ретінде іс жүзінде құқықтың барлық саласына реттеуші әсері бар. Құқықтық нормалар барлық азаматтардың материалдық және рухани игіліктерге тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді, зейнетақы мен жәрдемақылардың және де басқа әлеуметтік қамсыздандырудың барлық түрлерін, азаматтардың таптық жағдайына қарамастан тең дәрежеде қамтамасыз етеді.

Нарық экономикасы жағдайында түрлі әлеуметтік топтардың өмір сүру деңгейінде күрт айырмашылықтар болуы мүмкін. Әлеуметтік саясаттың мақсатының бірі – осы айырмашылықты жұмсарту, ол әлеуметтік қолдауды жақсарту арқылы жүзеге асуы тиіс: балалары бар отбасыларға мемлекеттік көмек, еңбекке жарамсыз азаматтарды қарау үшін қосымша қаржы қарастыру, балаларына қарайтын жалғыз басты аналар мен әкелерге жәрдемақы қарастыру, т.с.с.

Мемлекеттің ерекше қамқорлығы тұрғындардың әлеуметтік нашар қамтылған тобына, еңбекке жарамсыздарға, әсіресе мүгедектерге бағытталуы тиіс.

Қоғамның қолайлы жағдайы әдетте оның мүшелерінің жайлылығына байланысты болады. Тұрғындардың өмір сүру деңгейінің жоғарғы деңгейі, олардың кең көлемде даму мүмкіндігі, ертеңгі күніне сенімділігі – әрбір мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты мақсаты. Қазіргі заманғы нақты жағдай адам баласының алдына тек мемлекеттің жәрдемімен ғана шешілуі мүмкін болатын түрлі мәселелер қояды. Адамдарды әлеуметтік қорғау шаралары осы мәжбүрлік арқылы қалыптасып, көпғасырлық үрдіспен дамып келеді.

1991 жылдан бастап тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың жаңа сатылары басталды.

Әлеуметтік қорғау жүйесі – бұл заңнамалық актілердің, іс-шаралардың және де тұрғындарды әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, тұрғындардың әлеуметтік тұрғыдан нашар қамтылған тобын қолдау кешені.

Оның құрамында мыналар бар:

1. Әлеуметтік сақтандыру – ХХ ғасырдың 20-жылдарынан басталған материалдық қамсыздандыру мен жасы келген және еңбекке жарамсыз адамдарға қызмет ету, балалары бар нашар қамтылған отбасыларға жәрдем көрсету.

«Әлеуметтік сақтандыру – тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесінің бір бөлігі, оның ерекшелігі жұмыс атқаратын азаматтарды материалдық және әлеуметтік жағдайында болып қалуы мүмкін өзгерістерден, соның ішінде олардың өздеріне байланысты болмайтын жағдаяттарға қатысты өзгерістерден сақтандыру» [2].

2. Әлеуметтік кепілдік – азаматтарға әлеуметтік игіліктер мен қызметті еңбек үлесін есепке алмастан және бұл игіліктердің қолда бар қоғамдық ресурсын қажеттілігіне орай бөлу қағидаты негізінде қажеттілігін тексерусіз беруді айтады.

Біздің елімізде әлеуметтік кепілдіктерге жататындар:

- кепілденген тегін медициналық қызмет;
- білім арудың қолжетімділігі мен ақысыз жасалуы;
- еңбекке ақы төлеудің ең төменгі көлемі;
- зейнетақы мен стипендияның ең төменгі көлемі;
- әлеуметтік зейнетақы (бала кезден мүгедектерге; мүгедек балаларға; еңбек өтілі жоқ мүгедектерге; бір немесе екі ата-анасынан айрылғандар; зейнет жасына келген, еңбек өтілі жоқ азаматтарға);
- бала туылған кездегі жәрдемақы, жасы белгілі бір мерзімге жеткенше балаларға берілетін жәрдемақы;
- жерлеуге және соған қатысты рәсімдерге берілетін жәрдемақы.

«Әлеуметтік қамтамасыз ету – мемлекет тарапынан жасалған, азаматтардың материалдық және әлеуметтік жағдайының өзгеруіне байланысты өзгерістердің салдарын төмендету және өтемақы берудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық шаралар жүйесі» [3].

Әлеуметтік жұмыс. Азаматтардың түрлі категориясы үшін мүгедектер, зейнеткерлер, әскерилер, босқындар және т.б. үшін әлеуметтік жұмыстың түрлі жолдары пайдаланылады. «Әлеуметтік жәрдемнің түрлері мен формаларының мақсаты – мемлекеттен қолдау күтетін отбасыларды әлеуметтік институт ретінде сақтап қалу, отбасының тұрақтылығын қолдау, отбасы мен оның мүшелерінің әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету» [4].

Нарық экономикасы жағдайында белсенді әлеуметтік саясаттың қажеттілігі мыналардан көрінеді:

1) мемлекеттің елдегі әлеуметтік тұрақтылықты тұрғындарды нарықтың адамдарды толыққанды жұмыспен қамтудағы теріс жақтарынан және бағалар тұрақсыздығынан қорғауға ұмтылысы;

2) нарық экономикасының өзінің қажеттіліктерінен: қазіргі заманғы өндіріске білімді де білікті мамандардың қажеттілігі, дені сау қызметкерлер, әртүрлі, жоғары сапалы өнімдердің кең көлемді нарығын қалыптастыру;

3) елдегі адам санын кемітпеудің барлық шараларын көру.

«Тұрғындарды әлеуметтік қорғау мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды және басым бағыты саналады, ол қағидаттар, тәсілдер, заң жүзінде орнатылған әлеуметтік кепілдіктер, өмір сүрудің оңтайлы жағдайын ұсыну, қажеттіліктерді қамтамасыз ету, адамдардың өмірін қамтамасыз ету; азаматтардың қалыпты өмірінде тәуекелдік жағдайға қарсы бағытталған шаралар, әрекеттер, мемлекет пен қоғамның құралдарының жиынтығы» [5]. Нарық экономикасына көшпес бұрын «әлеуметтік қорғау» ұғымы алғашында халықтың кейбір санаттарына жәрдемақы беру немесе атаулы әлеуметтік көмек көрсету деп танылды.

1990 жылдардан бастап «әлеуметтік қорғау» ұғымының аясы кеңейіп, мағынасы тереңдей түсті, яғни халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын бір қалыпты ұстауға бағытталған әдістердің жиынтығы деп танылды.

Әлеуметтік қорғау объектілері – халық, әлеуметтік топтар, жеке азаматтар болып табылады. Әлеуметтік қорғаудың негізгі субъектісі – мемлекет болып табылады, өйткені әлеуметтік саясатты әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік органдары арқылы мемлекет жүргізеді. Әлеуметтік қорғау нысандары әлеуметтік топтардың өмір сүру деңгейіне сәйкес үш топқа бөлінеді:

1. Ең төменгі табысы бар мұқтаж азаматтарға берілетін әлеуметтік жәрдемақылар;
2. Еңбек ету қабілетінен айрылуына байланысты берілетін төлемдер;
3. Еңбек ету қабілеті жоқ халық топтарына берілетін төлемдер (*балалар мен зейнеткерлер*).

«Тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың негізгі қағидаттары: ізгілік, әлеуметтік әділеттілік, бағытталған, кешенді, адамдардың құқығы мен еркіндігін сақтайтын болып таратылады» [6].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 886 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасында әлеуметтік қорғауға мынадай анықтама берілген: «Әлеуметтік қорғау – бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) және өзге де заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе». Қазақстанда нарықтық экономикаға көшу аяқталып келеді. Әлеуметтік қорғаудың жүйесі өзгерген экономикалық қатынастарға сәйкес болуы қажет. Өтпелі кезеңінің бастапқы кезінде мемлекет инфляция, бюджет тапшылығы, өндірістің құлдырауы, экономиканың бейресми секторының өсуі жағдайында әлеуметтік қорғаудың ағымдық мәселелерімен айналысуға мәжбүр болды. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізу мен заттай жеңілдіктерді ақшалай төлемдермен ауыстыруды қоспағанда, әлеуметтік саладағы реформалардың нәтижесі ағымдық мәселелерді шешуге арналған жауап қадамдар болды.

Жүргізілген қайта құруларға қарамастан, қазіргі кезде әлеуметтік қорғау жүйесі күрделілігімен және заңнаманың жүйелілігінің жеткіліксіздігімен, жүйеге қатысуға ынталандырудың әлі де болса төменірек деңгейімен сипатталады. Соңғы жылдарда экономикадағы қолайлы өзгерістер және тұрақты өсуді қамтамасыз ету жөнінде қабылданып жатқан шаралар әлеуметтік қорғаудың кешенді жүйесін құруды қолға алуға мүмкіндік беріп отыр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж.
2. Савинов А.Н. Организация работы органов социального обеспечения: Учебник - М: ИНФРА-М, 2003. - с. 114.
3. Сулейманова Г.В. Право социального обеспечения. Учебное пособие для ВУЗов. - Ростов-на-Дону: «Феникс», 2003. - с. 3.
4. Холостова Е.И. Социальная работа: Учеб. пособие. - 2 - е изд. - М.: Издательско - торговая корпорация «Дашков и Ко», 2005. - с. 515.

5. Словарь-справочник по социальной работе / Под ред. Е.И. Холодовой. - М.: Юрист, 2000.- с. 315.
6. Социальная работа / Под общей редакцией В.И. Курбатова. Серия «Учебники, учебные пособия» - Ростов-на-Дону: Феникс, 2000.- с. 29.
7. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы № 886. 27 маусым 2001 ж.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мыхыбаев М

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
mr.myhybaev@mail.ru

Қазан төңкерісіне дейін (1917 ж.) Қазақстан аумағында халық көшпелі өмір кешті және басым бөлігінде мал өсірумен және маусымдық жайылымдарды пайдалану арқылы мал өнімдерін өндірумен айналысты. Халықтың аздаған бөлігі елдің оңтүстігінде орналасқан елді мекендерде болатын. Отырықшылды өмір сүру мен суармалы жерлердің болуы оларға басым бөлігінде өсімдік шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік берді. Бірінші де, екінші де жағдайларда өңірдің ауылшаруашылық өндірісі ауылдық аймақтардың барлық ресурстарын қолдану деңгейі төмен шағынтауарлы және тұтынушылық сипатта болды.

Экономикалық әдебиетте, 1928 жылы республикада оның экономикасын қалпына келтіру негізінен аяқталды деп көрсетіледі. 1932 жылы өнеркәсіптің төңкеріске дейінгі деңгейі екі және одан көп есе ұлғайды, ал оның жалпы өнім көлеміндегі үлесі 1920 жылғы 6,3%-ға қарағанда 40%-ға дейін өсті, бұл өндірісті жаңарту, оны техникамен энергиялық жарықтандыруды өсіру, ауылшаруашылығын дамыту үшін негіз болды. Өткен ғасырдың 40-шы жылдарының басында республика аграрлықтан индустриалдық-аграрлыққа айнала бастады [1].

Республиканың ауылдық аймақтарының дамуына, халық саны мен оның таралуының өсуін ескергенде, тың және тынайған жерлерді игеру оң ықпал етті. Нәтижесінде республикадағы бүкіл егістік ауданы 1953 жылғы 9,7 млн. гектарға қарағанда 1960 жылы 28,5 млн. гектарды құрады немесе 2,9 есе өсті. Дәнді дақылдар 21,9 млн. гектарда өсіріліп, 1953 жылмен салыстырғанда 3,1 есе көп болды.

1954-1956 жылдары Қазақстанға 640 мың адам, соның ішінде, 390 мың механизатор, 50 мың құрылысшы, астық қабылдау пункттерінің 20 мың қызметкері, 3 мыңға жуық медицина қызметкерлері келді, ауылшаруашылық құрамалардың 700-ден аса орталық мекендері, ең алдымен, кеңшарлар ұйымдастырылды. Республика аумағында жаңа жолдар мен электр беріліс желілері пайда болды, тіршілік әрекетінің жаңа нысандары: тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, әуежайлар, малшаруашылық кешендері, ғылыми орталықтар орналасты.

Социалистік құрылыс кезеңінде мал шаруашылығы да дамыды. 1990 жылға қарай республикада 9,7 млн. бас мүйізді ірі қара, 35,6 млн. бас қой-ешкі, 1,6 млн. бас жылқы, 143 мың бас түйе, 60 млн. шамасында құс болды. 1990 жылы 1,6 млн. т (сойылған түрде) ет, 5,6 млн. т сүт, 4,1 млрд. дана жұмыртқа өндірілді. Кеңес Одағы тараған кезде бұрынғы Қазақ КСР-ы аумағында 19 облыс пен 220 аудан, 406 ұжымшар мен 2125 кеңшарды біріктірген 2704 селолық және ауылдық (поселкелікті қоса алғанда) кеңестер әкімшілік бірлік болып табылды [2].

Бірақ, республика экономикасы үшін, бүкіл елдегі сияқты, көпшығындылық, өндіруші күштерді тиімсіз орналастыру тән болатын. Ауылшаруашылық өндірісі басым бөлігінде экстенсивті түрде, яғни, ауылшаруашылық дақылдарының алқаптарын кеңейту және мал